

## ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СИПАТЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІЛЕРІ

*Алғабек Мәнзира*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистрі,

*Жумабекова Фатима Нязбековна*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, п.ғ.к, доцент,

Нұр-Сұлтан қ.

### Аннотация

Мақалада елімізде білім беру бағдарламасы бойынша педагог мамандарды даярлаудың негізгі сипаттары қалай іске асып жатқандығы және бүгінгі таңдағы педагог мамандарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан жоғары серпінді қолдаулар ерекше аталып өтеді. Сонымен қатар педагог мамандарды даярлаудың Қазақстандағы парадигмасы, оның салыстырмалы түрдегі өзге шетелдік жоғары оқу орындарымен айырмашылықтары айқын сипатталады. Автор мақала мазмұнында болашақ педагогтарды даярлау барысындағы өзекті мәселелерге де тоқталып, оны шешу жолдарын ұсынады.

**Түйін сөздер:** Қазақстан тәжірибесі, болашақ педагогтарды даярлау, педагогика, салыстырмалы деңгей, әлемдік тәжірибе.

### Аннотация

В статье освещены основные этапы подготовки учителей по образовательной программе в стране и высокая динамическая поддержка учителей со стороны государства. При этом четко описана парадигма подготовки учителей в Казахстане, ее сравнительные отличия от других зарубежных вузов. В содержании статьи автор акцентирует внимание на актуальных проблемах подготовки будущих учителей и предлагает пути их решения.

**Ключевые слова:** казахстанский опыт, подготовка будущих учителей, педагогика, сравнительный уровень, мировой опыт.

### Abstract

The article highlights the main stages of training of teachers in the educational program in the country and the high dynamic support provided by the state to teachers today. In addition, the paradigm of teacher training in Kazakhstan, its comparative differences with other foreign universities is clearly described. In the content of the article, the author also focuses on topical issues in the training of future teachers and suggests ways to address them.

**Keywords:** Kazakhstan experience, training of future teachers, pedagogy, comparative level, world experience.

Қазақстандық қоғамдағы өмірдің әлеуметтік-экономикалық салаларындағы белсенді инновациялық процестердің аясында болып жатқан қазіргі білім бері жағдайлары инновациялық, дамып келе жатқан мектепте жұмыс істей алатын сапалы әр түрлі деңгейдегі мұғалімдерді даярлау мәселесін алға тартады.

ҚР Бірінші Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында «Дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз үшін біз сапалы білімге ие, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз қажет», – деп атап көрсетті. [1].

Замануи педагогикалық білім парадигмасы әлеуметтік педагогтарды жаңаша даярлауды анықтайды, ол-тек жаңа білімдерді, жаңа мақсаттар, жаңа құндылықтар мен тұлғалық мағынаны игеру ғана емес, сонымен қатар болашақ әлеуметтік педагогтың мәндік күшін, оның интеллектуалды және адамгершілік әлеуетін, әр түрлі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлану мүмкіндіктерін ашу, белгілі әлеуметтік-педагогикалық технологияларға қызмет етуімен қатар әлеуметтік-тәрбиелік үдерістерді де жүзеге асыру болып табылады.

2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілген талдаулар патенттер мен дайын технологиялар сонымен қатар, кадрлар даярлау жүйесінде, бұдан жұмыскердің білігі, шеберлігі мен кәсіпшілік деңгейінде екенін көреміз.

Ағылшын елдерінде болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлаудың теориялық негіздері атты бірінші тарауда әлеуметтік педагог мамандығының мәні ашылып, оны даярлау тәжірибесі жан-жақты талданады. АҚШ, Канада елдерінде дайындау жүйесінің дамуының негізгі тенденциялары айқындалады.

Ағылшын елдерінде әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлаудың мазмұнына шолу атты екінші тарауда жоғарыда аталған ағылшын елдеріндегі болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби даярлайтын мекемелердің құрлымы мен мазмұнына және жаңа технологияларға сипаттама беріледі.

Дәрігер тарихшы, филолог – К.Д.Ушинский. «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр-сырын меңгермейінше, бұған оның қолы жетпейтіндігін», – айтады [2].

Дамыған елдерде педагогика әлеуметтік өсіңкі қозғалыспен ерекшеленеді. Өртүрлі елдердің әлеуметтік жұмыс саласындағы, әсіресе бастапқы кезеңдегі өзара ықпалы да маңызды фактор болып табылады. Мысалы, Англия мейірбандық қоғамы әлеуметтік жұмысдың үлгісі ретінде Эльберфельд кедейлерге көмек көрсетудің неміс жүйесін алса, олар өз кезіндегі Гамбургбен Бавариядағы қайырымдылық жұмысдың, сондай-ақ Париждегі әулие Павел Қоғамның ықпалының нәтежисінде құрылған болатын. Содан кейін ағылшындық Достық сапарлар ұйымы мен кедейлер көмек көрсетудің неміс ұйымы Солтүстік Еуропа елдеріндегі әлеуметтік жұмыс жүйесі үлгі болды. Алайда, өзара ықпалға қарамастан, кәсіби әлеуметтік жұмыс пен осы саладағы білім беру бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін пайда болған елдерде, яғни Англияда, Германияда, Францияда, Голландияда, АҚШ-та берік ұлттық дәстүрлер қалыптаса бастады.

Елімізде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайы қарқынды дамып келе жатыр, сондықтан 2017 жылы әлемдегі үздік университеттер Quacquarelli Symonds World University Rankings рейтинг ісінде қазақстандық жоғары оқу орындары 8-ші орында ерекше аталып өтілді. [3]

Үштілдік білім беруді жүзеге асыру аясында оқу пәндерінің 50% оқу тілі (қазақ немесе орыс), екінші тілде (сәйкесінше орыс немесе қазақ тілінде) 20%, ағылшын тілінде – 30% оқыту жүзеге асуда. 76 жоғары оқу орнында 2,5 мың арнайы топ бар, онда 30 мың адам оқудың барлық салаларында үштілде оқытылады. 2017 жылы 600 профессорлық-оқытушы құрам тілдік курстарда біліктілігін арттырды. 51 шетелдік жоғары оқу орындары мен бірлесе 50 жоғары оқу орындарында қос дипломды білім беру бағдарламалары оқытылады. Ағылшын тілінде 10 білім беру бағдарламасы енгізілуде. Жоғары оқу орындарының академиялық білімалуын кеңейту туралы заң жобасы әзірленді.

Білім беру жүйесінде басты рөл жоғары оқу орындары университеттер үлесінде. Қоғамның субъектісі ретінде жоғары оқу орны мамандар даярлауды, негізгі және қолданбалы зерттеулерді қанағаттандыратын және қоғамға жаңа білім беруді ендіруші ғылым, мәдениет және білім беру орталығы болып табылады. Экономика субъектісі ретінде университет мамандар даярлау мен зерттеулер жүргізуге мемлекеттік (салалық) тапсырыстарды орындау мақсатында мемлекеттік ресурстарды жұмсайтын ұйым болып табылады. Салалар субъектісі ретінде университет салалар есебін ен арнайы мамандандырылған кадрлар даярлау орталығы және салалық бағдарламалар бойынша мақсатты бағытталған зерттеулерді жүргізуші ретінде жүреді.

Елдің экономикалық механизмінде университеттің үшін егізгі бағытталуын бөліп көрсетуге болады.

Қазіргі педагогикалық білімнің нәтижесі азаматтың жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған:

- а) дамыған, рухани-адамгершілікті тұлға;
- б) қазіргі білімді игеріп, игерген және оқушылармен жұмыс жасайтын мұғалім;
- с) қазіргі білім беру жүйесінде және мәдени тәжірибеде ескере алатын белгілі бір ғылым саласының маманы.

Бұл талаптар жалпы педагогикалық білім беру жүйесіндегі әлеуметтік-педагогикалық білім беру жүйесіне сәйкес келеді.

Қазақстанның жоғары білім беру дәстүрінде қалыптасқан әлеуметтік жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ әлеуметтік мамандықтардың мамандарын дайындаудың шетелдік бай тәжірибесі пайдалынады. Батыс Еуропа, АҚШ елдерінде осы салада жүз жылда нарықтық тәжірибе бар. Әрине, шет елдерінің тәжірибесін отандық педагогикаға толық енгізу мүмкін емес. Мамандарды дайындаудың артықшылықтары мен кемшіліктерін ресейлік зерттеушілердің көзқарасы тұрғысынан талдау, сондай-ақ, АҚШ, Англия сияқты елдердің әлеуметтік педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлердің білім беру жүйелерін салыстыру, әрі әлеуметтік педагогтарды оқытуға ерекше көңіл бөлу маңызды болып табылады.

Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде әлеуметтік жұмыс саласындағы білім беру әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесімен қатар және соған сәйкес дамиды. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің жеңісі әлеуметтік қызметкерлермен арасындағы байланыс, тіршілік әрекеті, құндық бағытқа байланысты индивидтің қоғаммен байланысы, оларды отбасы, мектеп тұлғаның зерттеу күйіндегі мәнін өндірістік орта зерттейді, субъективтінің өздігінен жетілу және әлеуметте өзгеру мәселелерін қарастырады.

Отандық және әлемдік тәжірибе негізінде оның дамуын анықтау зерттеушіден тұлғаның отбасын, сол халықтың мәдениетін, діни және қоғамдық құрылымын, мемлекеттің қызметін жаппай зерттеуін талап етеді. [3]

Қытайда болашақ педагогтарды кәсіп алды даярлау орынын үш түрге бөлуге болады, педагогикалық университет, педангогикалық колледж, педагогтарды қайта даярдау орындары, педагогикалық университеті бір бірімен байланыссыз орта дәрежедегі педагогикалық мектеп (3 жыл), жоғары дәрежедегі педагог тәрбиеле мектебі (2-3 жыл), педагогикалық колледжі (4 жыл), педагогикалық университеті (4 жыл). Мұғалімдерді кәсіп алды даярлау орынын тікелей мемлекеттік министрлігінің қармағындағы, педагогикалық университеті, облыстық, педагогикалық университеті, педагогикалық колледжі, мұғалімдер колледжі, жергілікті қаланың қармағындағы орта дәрежедегі педагогикалық мектептер деп бөлуге болады.

Қазіргі уақытта Қытайда жаңа педагогикалық үлгі іс жүзінде асырылуда, оның өзегі бұрынға кең тараған «оқушыларды емтиханға дайындау үшін білім беру» тұжырымдамасынан бас тарту және жаңа бағдарға – «оқушы жеке тұлғасының даму сапасын арттыру үшін білім беруге көшу болып табылады». Бұл барлық жұмыс әрбір мектеп оқушысы өзінің әлеуметтік қабілеттерін ашуға және жеке тұлға ретінде еркін және үйлесімді дамуға мүмкіндік алатын қолайлы білім беру ортасын жасау идеясының төңірегінде құрылатынын білдіреді. [4]

Осылайша Қытайдағы білім беру білім алу ұстанымы бойынша құрылды. Қазіргі реформаның құндылықтық бағдарына келетін болсақ, ол негізгі білім беру курсы бәрінен бұрын оқушылардың дамуына бағыттайды. Ол бұрын қолданылған оқыту үлгісін түбірімен өзгертті, ол кезде педагогтар негізгі назарды не білім берудің мазмұнына, не басқарушылық проблемаларына аударып келген еді.

Мұның алдындағы реформалардың кемшіліктерін жоя отырып, қазіргі реформа жұмыстың біртұтастығын қолдауға ерекше маңыз береді.

Қазіргі педагогикалық білім беру идеологиясының бастапқы мәні, идеалдар мен мақсаттар жүйесі ретінде оны жаңа білім, жаңа мақсаттар, жаңа құндылықтар мен жеке мағына беру ғана емес, сонымен қатар педагогтың негізгі күшін, оның зияткерлік және моральдық әлеуетін ашып, оның әлеуметтік-мәдени жағдайында еркін жүріп-тұруға қабілеттілігі, қазіргі әлеуметтік-педагогикалық технологиялар дығана емес, инновациялық процестерді жүзеге асырады, тұлғаның өзін-өзі дамыту процесі мен сапасын жақсартады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру-оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. [5]

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында Қазақстанда білім беру сапасын жақсартып халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жоғарлату мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Ойымызды қортындылай келе, қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2012.
2. Ж.А. Жүсіпова. «Педагогикалық шеберлік» – Алматы, 2011 жыл. –15 б.
3. Ж.І. Асанов. «Қазақстан педагогика ғылымы» – Алматы, 2010 жыл. 217 бет.
4. Гу Мингюн, Тан Чуанбао, Қытай білімінің даму туралы есеп М.Пекин: Пекин Университет баспасөз, 2004, 98, 102.
5. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан ( по итогам 2018 года). Нур-султан, 2019. – 316 стр.

### ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В УСЛОВИЯХ УГРОЗЫ РАСПРОСТРАНЕНИЯ НОВОЙ КОРОНОВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИИ

*Алексеева Алина Юрьевна,*  
аспирант кафедры социальной и клинической психологии,  
ФГБОУ ВО «Чувашский государственный университет имени И.Н. Ульянова»,  
Чувашская Республика, г. Чебоксары

#### Аннотация

Өзектілігі. COVID-19 пандемиясы бойынша зерттеулерге сүйене отырып, қоғам мен денсаулық үшін ең ауыр дағдарыстардың бірінде психикалық денсаулыққа көзқарас баяндалады. Бұл жұмыстың мақсаты коронавирус түрінен туындаған өткір респираторлық инфекцияның халықтың психикалық денсаулығы мен әл-ауқатына әсерін бағалау болып табылады.  
**Түйінді сөздер:** пандемия, коронавирус, мазасыздық, стресс, психологиялық денсаулық, психологиялық көмек.

#### Аннотация

Актуальность. На основе исследований пандемии COVID-19 расписан взгляд на психологическое здоровье в период одним из самых тяжелых кризисов для общества и здравоохранения. Цель работы – оценка влияния вспышки острой респираторной инфекции, вызванной разновидностью коронавируса на психическое здоровье и благополучие населения.  
**Ключевые слова:** пандемия, коронавирус, тревога, стресс, психологическое здоровье, психологическая помощь.

#### Аннотация

Relevance. Based on studies of the COVID-19 pandemic, a look at psychological health during one of the most severe crises for society and health care is painted.  
Goal. The aim of the study was to assess the impact of an outbreak of acute respiratory infection caused by a type of coronavirus on the mental health and well-being of the population.  
**Keywords:** pandemic, coronavirus, anxiety, stress, psychological health, psychological assistance.